

БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

• Астана

2017-2018 академиялық оқу жылына оқуға түсу

ҚАЗАҚСТАН



БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ОҚУҒА ТҮСУ

Университет мектептерінің бакалавриат бағдарламаларына оқуға түсу бакалавриат бағдарламаларындағы бос орындарға конкурс негізінде қабылдау арқылы жүргізіледі.

Бакалавриат бағдарламаларында оқу үшін жүргізілетін конкурсқа келесідей санаттағы талапкерлер қатыса алады:

- **1-санат** – колледжді бітіргені туралы дипломы немесе жалпы орта мектепті бітіргені туралы аттестаты барлар;
- **2-санат** – 12-жылдық оқыту үлгісіндегі жалпы орта мектепті бітіргендер және/немесе NIS Grade 12 Certificate барлар;
- **3-санат** – A-Level академиялық бағдарламасын бітіргені туралы сертификаты барлар;
- **4-санат** – Халықаралық бакалавриат бағдарламасын (IB Diploma Programme) бітіргені туралы дипломы барлар;
- **5-санат** – Біріккен Корольдік аумағында орналасқан оқу орындарында Университет алдындағы дайындық бағдарламасын (Foundation Programme) бітіргені туралы сертификаты барлар;
- **6-санат** – Advanced Placement Program (AP) бағдарламасын бітіргені туралы сертификаты барлар;
- **7-санат** – халықаралық пәндік олимпиадалардың жеңімпазы дипломының иегерлері (IMO, IPhO, IChO, IBO, IOI, Жәутіков олимпиадасы, химиядан Менделеев олимпиадасы), соңғы үш жылда алтын, күміс және қола медальдеріне ие болғандар, сондай-ақ ағымдағы оқу жылында ҚР республикалық пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары, алтын және күміс медаль иегерлері;
- **8-санат** – бакалавриат бағдарламасы бойынша соңғы екі жыл ішінде кемінде оқудың бір жылын аяқтаған, басқа жоғары оқу орындарынан ауысатын студенттер;
- **8а-санат** – Times Higher Education немесе QS рейтингтеріне кіретін оқыту тілі ағылшын тілінде жүргізілетін жоғары оқу орындарынан бакалавриат бағдарламасы бойынша соңғы екі жыл ішінде кемінде оқудың бір жылын аяқтаған ауысатын студенттер;
- **9-санат** – жоғары оқу орнын тамамдағаны туралы дипломы барлар.

МЕКТЕП

МАМАНДЫҚТАР

Инженерия Мектебі

- Химиялық инженерия
- Инженерлік механика
- Құрылыс инженериясы
- Электрлік және электрондық инженерия

Ғылым және технологиялар мектебі

- Математика
- Физика
- Химия
- Компьютерлік ғылымдар
- Робототехника және мехатроника
- Биологиялық ғылымдар

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебі

- Саясаттану және халықаралық қатынастар
- Экономика
- Антропология
- Социология
- Тарих
- Әлем тілдері, әдебиет және мәдениет

БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ КЕЗЕҢДЕРІ

- Назарбаев Университетінің сайтында тіркелу (тіркелу жарнасын төлеу кіреді)
- Құжаттардың толық жиынтығын қағаз нұсқасында Назарбаев Университетінің Қабылдау департаментіне тапсыру (Астана және Алматы қалаларында)
- Диагностикалық тесттен өту және/немесе Қабылдау комиссиясының сұхбатынан өту (қажет болған жағдайда)

Әр талапкерлер санаты бойынша ең төменгі қабылдау талаптары мен қажетті құжаттар туралы толық ақпаратты Назарбаев Университетінің сайтынан қараңыз www.admissions.nu.edu.kz.

ОҚУДЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ТҮРЛЕРІ

"Назарбаев Университет" оқу гранты – оқу ақысын және ай сайынғы стипендияны өтейді. Ақылы оқу енгізілді, жеңілдіктер жүйесі қарастырылған.

ҚАБЫЛДАУ ДЕПАРТАМЕНТІ

010000 Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 53, 1118, 1139, 1140 офистер
тел.: 8 (7172) 70 65 55
«Назарбаев Университет» аялдамасы
Автобустар № 10, 12, 27, 30, 40, 41, 43, 52

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІК

050012, Алматы қ., Қабанбай батыр-сі, 140а, (Амангелді көш. бұр.), 2-қабат
тел.: 8 (727) 272 56 07, 272 56 11, 272 55 58, 272 55 91
«Қабанбай батыр» аялдамасы
Автобустар № 30, 34, 123; троллейбус №9